

Экімдіктің

2016 жылғы 7 қарашадағы

№ 496 қаулысымен

бекітілген

## **«Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) тілдерді қолдану мен дамыту саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында күрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 496 «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы қаулысына сәйкес құрылды.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

5. Оған байланысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқару органды) болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы:

«Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 85.

### **2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі**

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алмайды.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін, құшіне енеді.

### **3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні – Қостанай облысының барлық тұрғындарына мемлекеттік тілді еркін менгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайлардың барлығын жасау. Қазақстан халқының тілдерін және шетел тілдерін үйрену үшін жағдайлар туғызуға қамқорлық жасау.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасы Конституциясының 93-бабын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру бойынша Қостанай облысында бірінғай мемлекеттік тіл саясатын жүргізуі қамтамасыз ету болып табылады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мемлекеттік тілге, этникалық топтардың тілдеріне, ағылшын және басқа да тілдерге оқытууды ұйымдастыру;

2) мемлекеттік қызметшілерді, сондай-ақ халықтың басқа да топтарын мемлекеттік тілге, этникалық топтардың тілдеріне, ағылшын және басқа да тілдерге оқытууды ұйымдастыруға қажетті материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

3) интерактивті және бірінғай оқыту жүйесін, инновациялық-әдістемелік бейнесабактарды, оқыту-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, тілдерді интенсивті оқыту бойынша көрнекі құралдарды әзірлеу және тарату;

4) мемлекеттік және ағылшын тілдерін білу деңгейі мен менгеру дағдыларын тексеру мақсатында «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша аралық сынақтар, қорытынды бақылау жұмыстарын, емтихандар өткізу;

5) мемлекеттік тілдің қоғамдық функцияларын дамыту, кеңейту мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен өзара іс-қимыл жасау;

6) семинар-практикумдар өткізу, кенес беру және басқалар үшін басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

7) мемлекеттік органдарға, меншіктің кез келген нысанындағы ведомстволарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Занының талаптарына сәйкес іскерлік қағаздарын, тіркеу құжаттарын, көрнекі ақпаратты аударуды жүзеге асыруға көмек көрсету;

8) аудармашыларға, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізетін мамандарға, қазақ тілі үйірмелерінің жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету;

9) Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және мемлекеттік тіл саясатын насиҳаттау мақсатында түрлі іс-шараларға қатысу және өткізу, форумдар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер», конкурстар ұйымдастыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле басқару органдың, не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндептемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

#### **4. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару**

18. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған басқару органды жүзеге асырады.

19. Қостанай облысының әкімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің пайдалануына және сакталуына бақылаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

4) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатады;

6) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

7) Қостанай облысы әкімдігіне коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

8) коммуналдық мемлекеттік мекемелердің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;

9) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және таратуға байланысты іс-шараларды жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың басқару органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, басқару органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және оның жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мұддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың басқару органы тағайындаитын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеге шараларын қолданады және оларды жазалайды;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың басқару органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

25. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

26. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен коммуналдық мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру, сорт сынағы, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік мұражайлар мен мұражай-қорықтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден

түсетең ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

## **6. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

32. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **8. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

34. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

35. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.